

Құрметті «БЖЗҚ» АҚ Салымшысы (Алушысы)!

Заңға¹ сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-дан белгіленген кесте бойынша міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға «БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жинақтары бар:

- жалпы белгіленген зейнет жасына толған тұлғалар: 58 жасқа толған әйелдер, 63 жасқа толған ерлер;
- мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер құқылы.

Сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы жүйесін ары қарай дамыту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру аясында «БЖЗҚ» АҚ 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасындағы төмендегідей өзгерістер туралы хабарлайды:

1) әйелдердің зейнет жасын ұлғайту:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жас; 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жас;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жас; 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жас;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жас; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жас;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жас; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жас;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жас; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жас;

2) «БЖЗҚ» АҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтарынан:

- белгіленген кесте бойынша ай сайынғы төлемдер түрінде;

- егер алушылардың зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең аз зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспайтын болса, бір уақытта төленетін болады²;

3) төлемдерді есептеу тәртібінің өзгеруі.

Баяндалғанды, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінің өтініш білдірген күннен бастап белгіленетінін және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін³ жүзеге асырылатынын ескере отырып, зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған жағдайда, «БЖЗҚ» АҚ-ға уақытында өтініш білдіруді сұраймыз.

«БЖЗҚ» АҚ-ға ұсыну тәсіліне қарай (кеңсеге өзі келген кезде/пошта байланысы арқылы/электрондық цифрлық қолтаңба пайдалана отырып «БЖЗҚ» АҚ веб-сайты арқылы/үшінші тұлға арқылы) зейнетақы жинақтарының төлемін ресімдеуге қажет барлық құжат тізбесін, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарды, өтініштердің бланкілерін, сенімхаттардың үлгілерін, кеңселердің мекенжайларын, жұмыс тәртібін және байланыс телефондарын www.enpf.kz «БЖЗҚ» АҚ ресми сайтынан таба аласыз, онда ақпарат үнемі жаңартылып тұрады не байланыс орталығының 1418 телефоны арқылы біле аласыз (Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін).

¹ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

² Заңның 30-бабы;

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидасының 6-тармағы;